 <b>KazTransOil</b>	<b>«ҚазТрансОйл» АҚ</b>	
ИМЖ құжатының атауы:	<b>«ҚазТрансОйл» АҚ-тың еңбек қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясаты</b>	
<b>Саясат</b>		<b>2 беттің 1-беті</b>
Өзірлеуші: <b>өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбек қорғау департаменті</b>	«ҚазТрансОйл» АҚ Басқармасының шешімімен бекітілді (2017 жылғы 30 маусымдағы №22 отырыс хаттамасы)	

«ҚазТрансОйл» акционерлік қоғамы (бұдан әрі - Қоғам) магистральдық мұнай құбыры бойынша ұлттық оператор және Қазақстан Республикасының ең ірі құбыр компаниясы бола отырып, өндірістік қызметтің нәтижелеріне, сондай-ақ қоршаған ортаға әсер етуді азайтуға қатысты жұмыскерлердің өмірі мен денсаулығы басым екендігін мойындайды.

Осы Саясатты іске асыру үшін Қоғам басшылығы өзіне мынадай міндеттемелерді алады:

1) еңбек қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау (бұдан әрі – ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ) саласындағы Қазақстан Республикасы заңнамасының, халықаралық және ұлттық стандарттардың, Қоғамның ішкі құжаттарының талаптарын сақтау;

2) Қоғам және Қоғам объектілерінде жұмыс жасайтын (қызмет көрсететін) мердігерлік ұйымдардың жұмыскерлеріне қауіпсіз еңбек жағдайларын қамтамасыз ету;

3) жұмыскерлердің немесе айналадағы адамдардың өміріне және денсаулығына дәлелді қауіп төндіретін жағдайлар туындаған кезде жұмыскерлерге жұмыстарды орындаудан бас тартуға заңды құқық кепілін беру;

4) жұмыскерлерге және қоршаған ортаға Қоғамның қызметінен пайда болатын жағымсыз әсерді азайтуға әрі болдырмауға тырысу;

5) ластағыш заттар және парниктік газдар эмиссиясын төмендетуге және энергия тиімділігін ұлғайтуға бағытталған қауіпсіз әрі ресурстарды үнемдейтін технологияларды енгізуді қамтамасыз ету;


6) өндірістік қызметті жүзеге асырудың барлық кезеңінде ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласында тәуекелдерді анықтауды және басқаруды қамтамасыз ету;

7) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ саласындағы бағдарламалар мен іс-шараларды жүзеге асыруда Қоғамның барлық деңгейдегі жұмыскерлерін белсенді тарту және ынталандыру;

8) ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ мәселелері бойынша Қоғам жұмыскерлерін уақытылы дайындауды және біліктіліктерін арттыруды қамтамасыз ету;

9) Қоғамның ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ менеджменті жүйесін үздіксіз дамытуды және жетілдіруді қамтамасыз ету;

10) Қоғам қызметінің ЕҚ, ӨҚ және ҚОҚ, ақпараттардың шынайылығы, оның мазмұны мен жеделдігіне қатысты бөлігіндегі

 <b>KazTransOil</b>	<b>«ҚазТрансОйл» АҚ-тың еңбек қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік және қоршаған ортаны қорғау саласындағы саясаты</b>	
<b>Саясат</b>		<b>2 беттің 2-беті</b>

аспектілерінің ашық болуын және акционерлердің, жұмыскерлердің және басқа да мүдделі тараптардың хабардар болуын қамтамасыз ету.

Осы Саясатта айтылған Қоғамның міндеттемелері Қоғамның мақсаттарын белгілеуге негіз болып табылады, барлық құрылымдық бөлімшелерге қолданылады және Қоғамның серіктестермен іскерлік қарым-қатынастар жүйесіне енгізіледі.

Қоғам басшылығы осы Саясатты іске асыруға және барлық қажет ресурстарды ұсынуға жауапты болады.